

ҒАСЫРДЫҢ БЕЛГІСІ

Әр ғасыр жалпы адамзат тарихымен бірге жекелеген ұлттың да тарих-талайында айтулы оқиғаларымен, атаулы тұлғаларымен дамып, өркендеу үрдістерімен ерекшеленіп, айрықша белгі-бедерлерімен есте қалады. Ғасырлар тоғысында, жаңа мыңжылдық белесінде осыларды ойға алып, баға беру мақсатымен төмендегі төрт сауалды оқырман назарына ұсынып, зиялы қауым өкілдерінің берген жауаптарын қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

1. XX ғасырдың қазақ халқына қатысты басты оқиғалары ?
2. XX ғасырдағы қазақтың ұлы адамдары кімдер?
3. XX ғасыр табалдырығын аттаған қазақпен XXI ғасыр табалдырығын аттайтын қазақтың бір-бірінен қандай айырмасы бар? Неден ұттық, неден ұтылды?
4. XX ғасырдың қазақ үшін заман мен үндес ұрандары қандай еді?



**Асанбай
АСҚАРОВ,**

қоғам
қайраткері,
еңбек
және
соғыс
ардагері

1. ...XX ғасыр — ашып айтуымыз керек, тарихи үлкен белес болды. Иисус Христостың (қазақтар Иса пайғамбар дейміз) туғанына биыл 2000 жыл екенін айтуымыз керек, демек екі ғасыр. XX ғасыр қазақ халқы үшін аумалы-төкпелі ғасыр болды. Қуанышынан гөрі қайғысы, ажалы мен азабы мол ғасыр десек, сәл біржақтылау, ал ажалы мен азабы аз, қуанышы мол ғасыр десек, тағы біржақтылау, қалай десек те, безбеннің басы теңеспейді, теңеспейтіні — бұл ғасыр ұлтымызға қайғы-қасіретті басқа ғасырлардан кем әкелген жоқ, бірақ, шүкіршілігі тағы бар... Бармақ басып санай берсек, оқиғалар саны тым жеткілікті.

Біріншіден, 1913 жыл — жылан жылы қатты жұт болды. Мал шаруашылығымен ғана айналысып, малға иек сүйеп отырған қазағымыздың малы қырылып, таяғын ғана ұстап қалған байлар ара-тұра кездесті. Бірақ оған мойыған қазақ жоқ. «Малым — жанымның садағасы» деп өмір сүре берді.

Екіншіден, 1916 жыл — ұлт-азаттық қозғалыс. Бұл — қазақ халқының жүрегі мұңы, от-жалыны еді. Қалың бұқара патша саясатына қарсы дүр сілкініп, бас көтерді. Жасақты әскерге қарсы соғысты. Атқа мінген қазақтың көбі қаза тапты. Бас сардар Амангелді Имановтың ажалы қанды шайқаста емес, жауыққан топтың қолынан болғаны белгілі.

Үшіншіден, қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен «Алаш» партиясы құрылды. Бірақ өмірі ұзақ болмады. Алаш қозғалысы XX ғасырдағы қазақ тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Ақын С. Торайғыровтың:

...Алаш туы астында,
Өлсек бірге өлдік біз.
Не жақсылық, не қайғы,
Көрсек бірге көрдік біз...
...Жасасын, Алаш, жасасын!

деп 1917 жылы «Алаш» ұранын жазғаны осы тұс қой.

Төртіншіден, Қазан төңкерісі — ХХ ғасырдың ең басты оқиғасы. Бұдан біз аттап өте алмаймыз. Социалистік қоғам қазақ халқына көп нәрсе берді. Бірақ көп нәрсемізді алды. Бергенін санап жатпаймын. Алғанның басты-бастылары: ділімізді, дінімізді, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды шойылдырып тастады. Онымен қоймай, кеңестік идеология ана тілімізге тиісті, сөйтіп, мәңгүрттікке итермеледі. Әрине, бұған өзіміз де кінәліміз. Өзбек ағайынның «орыс болғың келсе, ең алдымен қазақ бол», деген әзіл сөзінің аздап жаны бар. 1928-1929 жылдағы жаппай кәмпескелеу байларды озбырлықпен жазалау, Голощекиннің «Кіші Октябрі», сосын «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасыны» қазақ халқын қара жер құштырып кетті. Арты жантүршігерлік аштық апатына ұласты. Маңдайының бес елі соры бар халқымыз қырылды да қалды. Кейбір тарихшылар Қазақстанда феодализм болды деп жазады. Мен оған тіпті де қосылмаймын. Қайдағы феодализм ол. Біздегі ірі-ірі байлар халықтың қаймағы еді. Олар әрі сауатты, әрі өте ақылды адамдар еді. Олардың ақылдылығы сол — кедей-кепшіктерді өздерінің төңірегіне топтастыра білді, асырады, бақты, қанаттарының астына алып, тентіреп басқа жақтан тамақ іздеп кетуден сақтады. Халықтың бірлігі, жекжаттығы, туыстығы, ағайындығы ажырамады. М. Тынышпаевтың 1925 жылы 5 мың тиражбен Ташкенттен шыққан, қазақ тарихы туралы кітабында қазақ халқының саны 6,7 миллион депті. Ал 1918 жылғы мал саны — 18 миллион қой, 4 миллион жылқысы болған екен, түйе мен сиырды қоспағанда.

Бесіншіден, жоғарыда айтқанымыздай 1932-1933 жылғы ашаршылық, оның арты қызыл репрессия, сөйтіп, қазақ өз зиялыларынан түгелге жуық айырылды. Мен 1922 жылы ту-дым. 1930 жылдан бергі оқиғалардың бәрін де білемін. Ерте есейдім, уақыт солай. Кейде сол кездерді ойласам, қатты толқып, тебіренемін. Өйткені, көп нәрсені өз көзіммен көрдім ғой. Қайран қазақ топалаң тиген қойша қырылды-ау! Бұны әдейі қолдан жасалынған ұлттық апат деуге толық негіз бар. Менің 1933 жылы алғаш жазған бірер шумақ өлеңім бар еді. Соның бір шумағы мынадай:

...Қырылды халық, қырылды,
Араша түсер, бұған кім?
Өмірі болды-ау бұлыңғыр,
Қазақ атты қыранның...

Ұмытпасам, 1939 жылдың қыркүйек айы еді. Қазақ ССР Министрлер Советінің төрағасы Нұртас Ондасыновтың шақыруымен кірсем, Нұрекең қып-қызыл боп, жалғыз отыр екен. Сәлден кейін маған қарап:

«...Құрып кетіппіз ғой, құрып кетіппіз, осы кезге дейін мұндай ғаламат болмап еді. Барлығы 2 миллион 700 мыңдай қазақ қалыпты...» деді. Деді де басындағы қалпағын сол қолымен жұлып алып, диванға атып ұрды.

Осы қырғыннан кейін Кеңес өкіметін жақсы көресің бе, жек көресің бе, құшақтайсың ба, әлде пышақтайсың ба, өзің біл... е, өтті ғой талай зұлмат...

Алтыншы басты оқиға — бұл — Ұлы Отан соғысы. Мұны дәлелдеп жатудың еш қажеті болмас деп ойлаймын. Тарих бәрін дәлелдеп, нақтылап берді ғой. Ең бастысы, қазақ өзінің қандай ұлт екенін осы соғыста айқын көрсетті.

Жетінші басты оқиға — бұл — қазақ елінің тәуелсіздігі. Ал тәуелсіздікті ұстап тұра аламыз ба, әлде желді күнгі шөп басындай еңкейтіп аламыз ба, ол тек қана өзімізге байланысты. Дәл бүгінгі экономикалық жағдайымыз өте нашар. Түрік халқының көсемі Ата түрік: «...Әр түріктің жүрегінде ар-намысы болуы керек, ар-намысы үшін тіке тұрып өлуі керек, болмаса, ол түрік емес» деген. Осы аталы сөз қазіргі қазақ ұлты үшін де өте қажет-ау, өте қажет.

2. ХХ ғасырдағы ұлт мақтанышы, ұлы адамымыз кімдер? дегенді айтқанда, ғасыр басында «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатовтан бастауымыз керек. Екінші — Ахмет Байтұрсынов.

... Қаз едік, қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара, көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болдық,
Не қалды тәнімізге шарпылмаған... —

деп жырлаған Ахаң — шынайы ғұлама. Оның өз ұлтына сіңірген еңбегін саусақпен санап есептеу қиынның қиыны. Үшінші — Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, төртінші — ақын Мағжан Жұмабаев.

...Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой...

деген ұлы өлең жолдарын Мағжаннан басқа кім жазды? Ешкім жаза алмады. Шындығына келгенде, Мағжан — өз дәуірінен озып туған ұлы ақын.

Біз өзі ұлы деген сөзді қосқанда ұлылықты қайраткермен шатастырмай, алды-арты өлшеп-пішіп, тарихи зерделеп барып, ойланып-толғанып дегендей, бір-ақ шешім жасауымыз керек. Ұлы деген сөздің шеңбері өте ауқымды, көтерер жүгі өте ауыр, аспаны тым биік. Мысалы, ұлы деген атау — халықтың жүрегінен шыққан атау сөз. Ұлы Абай, шын мәнінде, Абай — ұлы. Ол ХІХ ғасырға да, ХХ ғасырға да, ХХІ ғасырға да жатады. Қазақ ұлты бар ғасырда — Абай бар... Абайды жоғалтсақ, ұлтымыз да жоғалады.

Ұлы деген атауды көзі тірісінде Жамбыл Жабаев алды. Ұлылық — заманымыздың жан жазушысы, философ-ойшылы Мұхтар Әуезовке тән. Демек, Мұхтар Омарханұлы — адам, оған дау жоқ. Қазақ ұлтына, оның ішінде Қазақстанға аса зор еңбек сіңірген жұлдыз қалтқысыз, қайырымды түрде еңбек сіңірген ұлы адамдар — Дінмұхаммед Ахметұлы Қасымов және Қаныш Имантайұлы Сәтбаев деп білемін.

3. XX ғасырда Қазақстанда негізінен социалистік құрылыс, социалистік жүйе үстем етті ғой. Бұл құрылыстың жақсы жақтары баршылық еді. Біріншіден, бұл қоғам жоспармен еңбек етті. Жоспарлаудың пайдалы жағы көп. Рас, Кеңестік жоспарлауда диктаторлық басымдау еді, жасасаң да жасайсың, жасамасаң да жасайсың дегендей. Тәуелсіз мемлекетте де жоспар болуы керек. Мысалы, үш жылда немесе бес жылда қанша астық жинаймыз, қанша мал өсіреміз, оның құны қанша? Осылардың арқасында халықтың әлеуметтік тұрмысы қанша есеге көтеріледі деп есептеудің несі қайшы?! Меніңше, нақты жоспардың зиянынан пайдасы көп. Ал жиырма-отыз жылда еліміз мынадай биіктікке көтеріледі деп айту аңыз секілді. Пәлен жылда аллатағала аспаннан алтын жаудырады дегенге сеніп, ақ жалаңаш отыра беруге болмайды ғой.

Халық оның ішінде қазақ халқы да жетпіс жыл бойы ұжымдасып еңбек етуге үйренген. Әуелі өзі өмір сүріп отырған қоғам үшін, сонан соң өзі үшін деген девиз көп жылдан санаға сіңді. Сондықтан емес пе, халықтың, әсіресе, қазақтың нарық саясатына бой ұялмай жатқаны. Қапшықтап зат тасып, оны басқа бір жерге апарып сату — ол нарық емес. Ол өлместің күні, бала-шағаның қам-харекеті. Жұтқан жұтамайдының кері. Тек қара күндікше, бүгінгісімен өмір сүріп, тіршілік ету — қара халықтың санасын өсіріп, мәдениеттендірмейді, қайта сауатсыздандырып, мәңгірттендіреді. Бүгінгі бір қорқыныс осы.

Меніңше, 2000 жылы халқымыздың саны күрт өспейді. Дүниеге сәби әкелу сирек болады. Оның басты себебі, тұрмыстың кедейшілігі. Бағаның қымбаттығы және медициналық қызметтің жекешеленіп, өз нарқын жұртшылыққа ұсынуы. Біз Каспийдің астында мұнай мен газға назарымызды аударып, қондырғыларды қондырып жатырмыз. Бұл әрекет әзірге жоба. XXI ғасырда бұл теңіздің тағдыры талқыға түскелі тұр. Егер теңіздің балық байлығын құртып алсақ, келер ұрпақ алдындағы қылмыспен пара-пар. Біз өндіріп жатқан қара уылдырық пен қызыл балық бүгінгі күні — мұнайдан артық ел бюджетіне пайда түсіріп отырғанын біреу біліп, біреу білмес. Қазақстан өз мұнайын Әзірбайжан арқылы құбыр тартып, Түркияға жөнелтпек. Ал бұл саясатқа Ресей мен Иранның іштері сыздап отырғандықтан айдан-анық. Біздер де қазір «жаңа қазақтар» деген пайда болды. Бұлар XXI ғасырда «жаңа қазақтары» емес. Бұлар — нарықтың осал тұсын пайдаланып, өздеріне жағдай жасап алған «қазақтар». Ал осылардың денінде ұлттық намыс, ұлттық қасиет жоқ. Өйткені ата-бабаның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тіпті ана тілдерін білмейді. Шет тілдерін оншақтысын білсең де, алдымен өз тіліңді жетік біл. Өз тіліңде сайра. Біз Англияны немесе Германияның, Францияның отары емеспіз ғой, сол елдің тілінде оқып, сол елдің тілінде сөйлейтін. Біз — миллиондаған қазақпыз, ұлан-байтақ жеріміз бар. Ана тілді білмейтіндер — ел басқара алады деп есептемеймін. Өйткені, ол халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетін оқымайды, оқымағасын білмейді. Орысша ойлап орысша сөйлейді. Рас, қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев екі тілде бірдей сөйлейді, сөзге шешен. Бірақ XXI ғасыр қазақ еліне эволюция, жаңа толқын әкеледі сөзсіз...

XXI ғасырда жалпы ойлау жүйесі өзгеше болады. Онда сапалылық ерекшеленеді. Ұлттың тағдыры тәлкекке түспес үшін күресетін күрескер қазақтар шығады. Білім сатысы қазіргі жастарын ізденуге, талпынысқа жетелейді. Сана өседі, дүбәралыққа жол бермейді. XX ғасыр басында Міржақып ағамыз «Оян, қазақ!» десе, XXI ғасырда бір мықты азаматымыз «Көтер, халық санаңды» деп жар салады. Өзі соған ұйтқы болады. Қазақ халқының өзі кезде өз көсемі, жолбастар қолбасшысы болған. Кешегі «Ақтабан шұбырынды, алқакөк сұламада», — Әбілқайыр мен Абылай ханы, Төле, Қазыбек, Әйтеке билері, ал Алаш қозғалысында көсем Әлихан Бөкейханов, Кеңес дәуірінде Дінмұхаммед Қонаевтар болды емес пе?! XXI ғасыр — адамзат әлемінің жаппай өркениетке ұмтылар ғасыры. Онда қазақ елі, қазақ халқы да сырт қалмақ емес. Біз XX ғасырда мықты ел болдық. Оң мен солдымызды айырдық. Жаппай сауаттандық. Көппен араластық, көпті көрдік. Тағдырды қатыгездігін де, қолдан жасалған зобалаң-зұлматты да бастан кешіріп, шындалдық. Біз қазір XIX ғасырдағы қазақ емеспіз. Жұмылып, жұдырық болған қазақпыз. Нарық саясатты тіпті жүдетіп жібермесе, іргемізді сөкпей, керегемізді керіп, жаңа ғасыр белесіне бір-ақ аттармыз. Біз XX ғасырда ұтпасақ, ұтылған жоқпыз, өйткені, қиындығы мен қызығы мен бел-белестің соңы тәуелсіздікке іліктірді. Қазаққа әр уақытта алласы жар!

4. Заманмен үндес «Алаш» ұраны сол кездегі қазақ интеллигенциясын дүр сілкіндіріп «Алаш туы астында, Біз — Алаштың баласы», ұранын айтқызып, топтастырды. Қазақ төңкерісінен кейінгі ұрандардың бәрі — партия қандай іске бастаса, сонымен үндес болды ғой. Оны қайталап қайтемін. Мысалы, «Қаттырақ соқ, бесжылдықтың балғасы», ақ «Ұлы Отан соғысы кезінде «Отан үшін жан пида», «Сталин үшін, Отан үшін, алға!» деп талапқа қазақ оққа ұшты, дзотты кеудесімен жапты, жау танкісінің шынжыр табаны астына қойынына гранат тығып, жанышталды. Өзі танкімен бірге жоқ болды. Дәл бүгінгі ұран «Тәуелсіздімізді қорғап, сақтайық!» болуы керек қой.



Шот-Аман
Ыдырысұлы
УӘЛИХАН,
Мемлекеттік
сыйлықтың
лауреаты,
профессор

1. а) Қазан төңкерісі. Анық революция ақпанда болған, қазанда — төңкеріс. Қазақ зиялылары Ресей федерациясындағы автономиялық ел боламыз деп ақпан революциясына көп үміт артқан, бірақ ол ақталмады. Қазан төңкерісі азамат соғысына апарды, қызыл қырғынға ұшырадық.

ә) 1930 жылдардағы аштық. 28 жылы «ұлы кәмпескеден» басталған аштық 32-жылға ұласты. Аспан ашық, бейбіт күндері екі млн. екі жүз мыңға жуық бейкүнә адамдар аштан қырылды, көмусіз қалды. Кеңес үкіметі күнәсін сол кезде де, кейін де мойындаған емес, коммунистер қазір де мойындамай отыр. Екінші дүниежүзілік соғыста атом бомбасы тасталған қалың жапон халқының өлім саны екі миллионға жуық еді. Салыстырып қарасақ, шын мәнінде қазақ халқы көрген геноцид дүниежүзіндегі ең ірі әділетсіздіктің, апаттардың бірі екендігі күмән келтірмейді.

б) 1930-1937 жылдардағы қуғын-сүргін. Қазақ халқының ақыл-ойы, миы болған зиялы азаматтардан айрылды. Бұл орны толмас, жүрексіз жауыздықтан туған опат болды.

в) Арал теңізінің тартылуы. Қазақ жеріндегі атомдық жарылыстар, әскери сынақтар. Осы әрекеттердің салдарынан бір кезде жерұйық болған қазақ жері адамның өмір сүруіне аса қауыпты. Әр регионда кеміс-кемтар балалар туып жатыр. Генфондымыздың тағдыры неғайбыл.

г) Екінші дүниежүзілік соғыс. Көптеген ұландарымыз соғыстың қайнаған қара қазанына түсті. Орысша айтсақ «пушечное мясоға» айналды.

ғ) Тәуелсіз, егемен ел болдық. Алдымызға адами мақсат қойып, айтатын ойымызды тура айта алатын халге жеттік.

Тәуелсіздігіміз баянды бола ма? Ол үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеп жатырмыз ба? Жүретін жолымыз қандай? Қылмыс, жемқорлық, арамтамақтық, жұмыссыздық жойыла ма? Елімізге, киелі кең байтақ жерімізге еркін ие бола аламыз ба? Жауаптан гөрі сұрағымыз көп.

2. Ең алдымен Алашорда ардақтылары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамбетов, Мұстафа Шоқай.

Кейінгі толқын: Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Дина Нұрпейісова, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан.

3. Аштық, қуғын-сүргін, соғыстың салдарынан өз жерімізде, өз елімізде отырып бір кездегі қалың қазақ аз саналды. Кірмелер, келімсектер көбейіп, біздің ұлттық-дәстүрімізге, тілімізге жоғарыдан қарады, «біз көппіз, білімдіректі» деп, жақсы орын, жақсы жерге таласа бастады, қолдары да жетті. Соның нәтижесінде ана тілін, салт-дәстүрді білмейтін ұрпақ пайда болды. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті» дейтін бабаларымыздың фәлсафасы, ойы, пікірі аяққа басылды. Арақ ішу, шылым тарту деген жаман әдет еркек түгіл қыздарға да жайылды, өз тарихымыздан гөрі, өзгенің тарихын көбірек білдік, өзіміздегі барды басқадан іздедік, тым еліктегіш болдық.

Мен кейде ойға қаламын. Егер Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаев тірі болса қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейдегі орны қомақтырақ болар еді» — деп.

Мағжан тек қана құдай берген талантымен көтерілмеді, ол көптеген советтік ақын-жазушылардай шала сауатты емес еді, өз заманындағы әрі дүниежүзілік әдеби ілімнен сусындаған, бойына мол сіңіріп, оны қазақ топырағына әкелген ақын болды. Әлі де талай шабытты туындылар әкелер еді, әттен дүниеден қастандықпен ерте озды.

Ал, Жүсіпбек ше? Оның сөз саптасы, өрнегі, кестесі қазіргі романистердің сөз саптасы сияқты. Европа романдарының көшірмесі (калькасы) емес, оқшау емес пе еді. «Ақ білек» романын оқып көріңіз. Сөйлемдері, бейнелері, ой-тұжырымдары өткендегі шешен, билеріміздің сөзіндей төгіліп тұрған жоқ па? Жан-дүниемізге жақынырақ емес пе еді? Айта берсе, өкініш көп.


Ұтқанымыз — сұрапыл өрттен кейін көк іспеттес қайта өстік, өндік, халқымызды бойындағы талант сарқылып қалмады, ғылым мен білімге ұмтылыс болды, жеткен табытарымыз да жоқ емес.

4. Алғашқы ұранымыз «оян, қазақ» болды, ол «ойлан қазаққа» ұласты. XX ғасырды алып, әрі қарай көтеретін ұранымызды ғұламалар тілімен айтқым келеді.

Шоқан Уәлиханов: «халықтың өсіп-өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет».

Ахмет Байтұрсынов: «Алдыңғы қатардағы халықтардан қалып қоймауымыз үшін білімді бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін бірлік керек. Осы керектердің жолында қызмет етуіміз керек».

Қаныш Сатбаев: «Республикамыздың жері қандай байтақ болса, қойнындағы қазынасы да соншама мол. Келешегіміздің сәулетті болуы осы байлыққа байланысты. Оны ақылмен игерсек халқымыздың мәдениеті мен әл-ауқаты да арта түседі».



Кенжеғали
САҒАДИЕВ,
академик

1. XX ғасырда қазақ халқы басынан күрделі-күрделі оқиғаларды өткізді. Ғасыр басында көшпенділіктен отырықшылыққа ауысты. Бұл өткен көптеген ғасырлар болғандай қазақ жұртында қалыптасқан шаруашылық жүйесін, әлеуметтік болмысын, әдет-ғұрпын өзгертті. XX ғасырдың 20-30 жылдарында коллективтендіру басталды, қазақ халқы социалистік қоғам құруға бет бұрды, халықты жалпылай сауаттандыру жұмысы басталды. Елуінші жылдары қазақ жерінде ғылым мен техниканың дамуы басталды, соның нәтижесінде қазақ жерінде ірі-ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындар пайда болды. Сонымен қатар, қазақ елінде жергілікті халықтың (қазақтардың) саны келгендерден санынан (тың игеруге және өндіріс орындарында жұмыс істегендерден) келгендердің, жалпы басқа жерлерден қоныс аударғандардың келгендердің) едәуір кем болып қалды. Мұндай өзгерістің нәтижесінде қазақ болмысына тигізген әсері аз болмады. Өткелі отырған жүз жылдың 70 жылдан астамын қазақ елі социалистік қоғам ретінде бастан кешірді. Сол жылдардағы ең үлкен табысымыз — халқымыз жаппай сауатты болды, ғылымы дамыған елге айналдық.

Ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жаңа қоғам құруға нарықтық шаруашылық жүйесін құруға бет бұрдық. Бұл біздің болмысымызға, қалыптасқан дәстүрімізге, санамызға, айналысатын кәсібімізге көптеген күрделі өзгерістер енгізіп жатыр. Соңғы оншақты жылды өтпелі кез деп атаймыз. Егер осы асудан ойдағыдай өте алсақ, келешегіміз жақсы болады деген үміттеміз. Ал халықтың қазіргі көріп отырған қиыншылығы көптен көп.

Жалпы алғанда, XX ғасыр қазақ халқының тарихында өте бір күрделі, қиыншылығы мен қиянаты мол ғасыр болды десе, артық айтпаған болармыз.

Халқымыздың тұрмысы ғасыр аяғында ғасыр басындағыдай сәл ғана жақсарды, ғасыр ішінде үлкен апат-ашаршылыққа ұшырап, халқымыздың жартысына жуығынан айрылып қалдық. Бірақ біз өте күрделі қоғам өзгерісін басымыздан кешіріп отырмыз. Сонымен қатар елімізде үлкенді-кішілі өндіріс ошақтары университеттер, ғылыми орталықтар кеңінен орнатылды.

2. Қазақ елі өз данагөйлерімен, ұлы тұлғаларымен ежелден бай ел. XX ғасыр да қазақ еліне данышпан, қайраткер, күрескер ұлдары мен қыздарын бере білді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қаныш Сатбаев, Мұхтар Әуезов — осы ғасырдың ұлы адамдары.

3. Неден ұттық, неден ұтылды? Сауаттылықтан, білімнен, ғылымнан ұттық. Әдептіліктен, қайырымдылықтан, имандылықтан ұтылды.

4. Осы ғасыр өте бір ұраншыл ғасыр болды дегім келеді. Ұранымыз, айқайымыз көп болды. «Ел болайық, өркениетімізді өз болмысымызды, өз дәстүрімізді негізге ала отырып жиелдетейік».

жиық» деген Алашорданың ұраны дұрыс-ақ еді, бірақ, тағдыр оны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Артынан Қазан төңкерісі, социалистік қоғам құру ұраны басталды. Жетпіс жыл осы ұранмен өмір сүрдік, бірақ, бұның өзі жалған айқай, көп нәтиже бермеген іс болды. Осы жылдарда тапқан олжамызды жоғарыда айттым.

Ендігі ұранымыз — нарық жүйесіне көшу, өркениетті елдердің жүрген жолымен жүру. Әлем халықтарының жинаған тәжірибесін бойымызға сіңіріп, өркениеттің жаңа белестеріне шығуға шақырған бұл ұран жалпы теріс болмас. Дегенмен, әлі түсінбеушілігіміз көп, жаңа заманға бейімділігіміз аз, ой-сана, дәстүр, тұрмыс-салты, шаруашылық жүйесін жаңаша қалыптастыруға әлі біршама уақыт керек сияқты.

Ғасыр соңында егемендікке ие болдық, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігіне жеттік. XX ғасырдың қазақ жұртына берген ең үлкен жемісі осы ғой дер едім.



Кеңес

НҰРПЕЙІС,

ҚР ҰҒА-НЫҢ

корреспондент-

мүшесі,

Мемлекеттік

сыйлықтың

лауреаты

1. БІРІНШІ БАСТЫ ОҚИҒА — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келген Алаш қозғалысы. Алаш қозғалысы «Алаш» партиясы, Алаш автономиясы (қазақ мемлекеттігі) және Алашорда (қазақ мемлекеттігінің үкіметі) деген ұғымдардың жиынтық көрінісі болып табылады. Алаш қозғалысы өзінің алдына түбірлі үш ұлттық мақсатты — қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды, Қазақстанның патшалық Ресейдің отарына айналған кезеңде жойылған мемлекеттігін дамудың жаңа тарихи сатысында қалпына келтіруді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына эволюциялық (реформалық) жолмен қосуды басты міндеттер деп қойды. Бұл қозғалыстың өзегі— саяси ұйым ретінде 1917 жылғы жазда құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясы болды. Бұл партияның бағдарламалық басты міндеттерін, стратегиялық және тактикалық күрес жолдары мен әдістерін анықтап, оны қоғамдық-саяси өмірдің сахнасына шығару үшін қазақ зиялыларының жұрт таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, басқа да ондаған қайраткерлер 1905-1917 жылдар аралығында қажырлы еңбек етті.

Ә. Бөкейханов басқарған «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және халықтар бірлігі принциптеріне сүйенді. Мұндай позиция, әлбетте, аталған мәселелерді қарастырғанда таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктер мен Кеңес өкіметі ұстаған үрдіске қарама-қарсы келді. Сондықтан да «Алаш» көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы 1917 жылғы Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Алашорда азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметіне жау күштермен одақтасты. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі «Алаш» пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластады. Бұл жолда большевиктер алдау мен арбау әдістерінде, қару жұмсап, күштеу әрекеттерін де қолданды.

XX ғасырдың тек қазақ халқына ғана емес, сонымен бірге күні кеше ғана тарих сахнасынан кеткен көп ұлтты Кеңес Одағының барлық халықтарына тікелей қатысы бар оқиғалардың бірі— 1917 жылы қазанда жеңіске жеткен революция мен оның нәтижесінде жер шарының 6\1 бөлігінде орнаған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) болды. КСРО-да 70 жылдан астам уақыт үстемдік құрған тоталитарлық жүйе бүкіл ел көлемінде, оның ішінде Қазақстанда да,

сталиндік нұсқадағы қоғамдық дамудың табиғи заңдылықтарына қайшы келетін жөмірдің барлық салаларын қамтитын эксперименттер жасады. Әкімшіл-әміршіл тоталитарлық билік жүзеге асырған халыққа қарсы осы саясат аса зор зардаптар әкелді. Оларды Қазақстанға байланыстыра баяндасақ, мынаған саяды: жаппай ашаршылық нәтижесінде сан мыңдаған адамдардың қырылуы; халықтың үлкен бөлігінің өзінің атамекенінен басқа жерлер мен елдерге ауа көшуі; дәстүрлі шаруашылық жүргізу үрдісі айырылуы; тіл мен ділдің, дін мен ұлттық сенім-нанымның мүшкіл халге ұшырауы; халық шыққан жақсылар мен жайсаңдардың саяси қуғын-сүргіннің құрбандығына шалын қазақтардың сан жағынан өз елінде азшылыққа айналуы.

Осылардың барлығы елде орнаған сталиндік «казармалық социализмнің» нәтижелері еді.

Дей тұрсақта, тарихтың басқа кезеңдері сияқты, 1917 жылғы Қазан революциясы кейінгі Кеңес өкіметі өмір сүрген уақытты Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тек қана босқа кеткен жылдарға жатқызуға болмайды. Жалпы алғанда, адамзат тарихында бос кеткен жылдар болуы мүмкін емес. Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанның өндіріс жүйесі түбірімен жаңарды, халық жаппай сауаттандырылды, білім мен ғылым деңгейі жоғары сатыға көтерілді, республика тұрғындарына әлеуметтік қызмет көрсетудің біртұтас жүйесі қалыптасты; патшалық отарлау кезеңінде әкімшілік жағынан төрт генерал-губернаторлыққа (Түркістан, Батыс-Сібір, Орынбор, Астрахань) бағындырылып, шалып кеткен қазақ халқының этникалық территориясы (ата қонысы) Қазақ Кеңес Социалистік Республикасына біріктірілді.

Осының бәрі — қарама-қайшылықтарға толы, қасіреті де мол, жетістіктері де жоқ емес ХХ ғасырды Қазақстан мысалында бейнелейтін кейбір жәйттердің көрінісі ғана.

ХХ ғасырдың соңғы онжылдығы қазақ халқына ұлы игілік сыйлады — ол 1991 жылдың 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің партиялануы болды. Еліміз тәуелсіз мемлекет болып жариялануы — қазақ халқы үшін, сөз жоқ, **XX ҒАСЫРДА ЕҢ БАСТЫ ОҚИҒА**. Содан бері өткен тоғыз жылдан астам тарих үшін қас-қағым сәт тәуелсіз Елімізді жер жүзінің үлкенді-кішілі мемлекеттері таныды, ол әлем қауымдастықтың тең құқылы мүшесі болды.

2. Қоғамдық-саяси қайраткер ретінде — Әлихан Бөкейханов пен Дінмұхамед Қоңыратов, ғалым ретінде — Қаныш Сәтбаев, жазушы ретінде — Мұхтар Әуезов, ақын ретінде — Мағжан Жұмабаев пен Мұқағали Мақатаев.

3. XX ҒАСЫР ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАН ҚАЗАҚ:

Тәубашыл, қанағатшыл, аңқау, сенгіш, көпшіл, тілі мен діліне, ұлттық салт-дәстүріне берік; уәде мен сөз қадірін сыйлаған; оқығаны аз болса да, санасына тоқығаны көп; жекелеген зиялылары болмаса, қоғамдық-саяси белсенділігі төмен; ауыл мен жақын аймақтар болмаса, бүкілқазақстандық оқиғалардан хабары аз, «ұзынқұлақты» малданин томаға-тұйық өмір кешкен; негізінен ата кәсібі — мал шаруашылығымен айналысатын жекелеген аймақтарда егіншілікті кәсіп еткен; жалпы алғанда момын, алдау-арбауды бойын аулақ ұстаған, базар саудасына шорқақ, басқа да ерекшеліктер тән адамдар еді.

XXI ҒАСЫРДЫҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАЙТЫН ҚАЗАҚТАРҒА ЖАТАТЫНДА:

Қанағатсыз, өзіне болмаса, өзгеге сене бермейтіндер; мәңгірттер мен дүбәрәлдер (тіл мен ділге, ұлттық салт-дәстүрге байланысты) баршылық; іс-әрекетінде, сөйлесу мәнерінде, көпшілік арасында өзін ұстауда өзімшілдікке, тәкаппарлыққа бой алдырғандар; уәде парызы мен сөз қадірінен бастық пен ақша «қадірін» жоғары санайтындар; білім мен ғылымға құштар, кәсіби шығармашылық өнерді игергендер; әлемдік мәдениеттің үздік үлгілерін бойына сіндіріп, жержүзілік ақпарат құралдары арқылы білімін тереңдететін көзқарас аясын кеңейткендер; кәсіптің жаңа түрлерін, сауда-саттықтың қыры мен сәтін сырын үйренгендер; басқару мен құқық қорғау жүйелерінде «бармақ басты, көз қыстарту жолымен жүретін жемқорлар; төрешілдікке (теріс мағынадағы бюрократизмге) бой алдырғандар; өздерін «әлемдік азамат» («гражданин мира») деп негізсіз санайтын, еліне сүйкімі жоқ, басқа елдерге қадірі жоқ бейбақтар.

Неден ұтып, неден ұтылғанымызды 1 және 3-сұрақтарға қайтарған жауаптан пайымдау болатын шығар...

4. Олар мыналар: «Оян, қазақ!», «Ойлан, қазақ!», «Қазақ жері сатылмасын!» «Байлығын талан-таражға салған жемқорлар жойылсын!», «Арыңды сақта!» «Намысшыл бол!», «Оқы! Оқығаныңды ойыңа тоқы! Біліміңді пайдалы іске жұмса!», «Ұлт тұтастығы мен халықтар бірлігі берік болсын!»